# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ әдебиеті |
| **Мұғалім** | Тажигалиева Замзагул Тілепбергенқызы |
| **Мектеп, сынып** | Орал қаласы, ФМБ НЗМ, 12-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | М. Әуезов «Қарагөз» драмасы |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | А/И 7. Автор үлесі, пьеса тілі.<br>АИ6. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар.<br>БС2. Әдеби шығармалардағы ұлттық, ғаламдық тақырыптардағы астарлы және тура мағыналарды игеру. |
| **Сабақтың мақсаттары** | Ұлттық классикалық туындыларда көтерілген мәселелерді түсінеді, қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтарды байланыстыра алады, креативті тұрғыдан ой айтады, жазады, сөз құдіретін таниды. |
| **Жетістік критерийлері** | - Драмалық шығарманың тақырыбы мен идеясына анализ жасай алады;<br>- Жазушының «тіл мен құрылымды» қолдануына талдау жасай алады;<br>- Драмалық шығармадағы кейіпкерлер тілі арқылы тура және ауыспалы мағыналарды зерттей алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік мақсаттар**: Туынды – классикалық туынды екендігін негіздеу, жазушының тіл шеберлігін талдап, трагедиядағы басты тартыстарды түйіндейміз.<br><br>**Пән лексикасы және терминология:** Реплика, ремарка, перде,көрініс, акті, бөлім диалог, монолог, көрермен, қойылым, актер, тұлға, сахна, көрермен, қақтығыс, шиеленіс, тартыс<br><br>**Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** Біздің ойымызша.....<br>Біз келісеміз... |

| | |
|---|---|
| | Менің ойымша ... |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Bilimland.kz  сайтының ресурстары |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих пәні |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | «Қарагөз» драма табиғатын игеру мақсатында драманың тілін талдады. |

<table>
<tr><th>Жоспарланатын уақыт</th><th>Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер</th><th>Дереккөздер</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>3 минут</td><td>Амандасу. Оқушылардың көңіл-күйлерін сұрау. Бүгінгі күндеріне  сәттілік тілеу.</td><td></td></tr>
<tr><td>5 минут</td><td>Қызығушылықты ояту.<br><br>Сынып оқушыларын  әдеби ұғымдар бойынша жұпқа бөлу (Кестедегі қима қағаздарды тарату, оқушылар жауаптарын сәйкестендіре жұптасады).<br>(11 оқушыға арналған)
<table>
<tr><td>------------көркем шындықты ерекше тәсілдерімен шиеленіскен тартыстар желісіне жинақтап, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер сөзі мен іс-қимылы арқылы көрсететін сөз өнерінің күрделі тегі.</td><td>1. драма</td></tr>
<tr><td>Драмалық шығармаларда баяндау болмайды. Оқиға, яғни тартыс желісі осылар арқылы дамиды. Оқиғаның негізгі даму арнасы болып табылатын бұл диалог, кейде монолог түрінде болады. Ол терминді әдебиет теориясында----------------деп атайды.</td><td>2. реплика</td></tr>
</table></td><td>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/structure/1148-11_synyp<br><br>Суреттер ғаламтор бетінен алынды<br></td></tr>
</table>

5 минут

| | |
|---|---|
| Автор кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын білдіретін түсініктемелерді жақша ішіне бөлек жазып отырады. Оларды авторлық ----------- деп атайды | 3. ремарка |
| ------ драматургиялық шығармаларда оқиға өрісін аңғартатын бөлім, біртұтас қимыл-әрекет. Белгілі үзілістен кейін бөлім жабылып, қайта ашылған соң оқиғаның жаңа өрісі, жаңа сатысы көрінбек. | 4. перде |
| Драмадағы ең шешуші нәрсе-----. Себебі,композициялық тұрғыдан алғанда драмада оқиғаның басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі болуы тиіс. | 5. тартыс |

**Жаттығу-тренинг**
«Қарагөз» трагедиясының кейіпкерлерін жіктеу немесе кластер бағанын жасау. **(Кластер** (ағылш. *cluster*) — белгілі өз сипаттары бар, дербес бірлік деп саналатын, бірнеше біртектес даналарды бір топқа бірлетіруі).

Мұғалім парта үстіне драма кейіпкерлерінің есімдерін араластыра шашып қояды. Оқушылар кейіпкерлер есімін ала отырып, кластер бағанын жасайды, орналастырады.

Үлгі:




**Сабақтың ортасы**

20 минут

Оқушыларды оқу мақсаттарымен хабардар ету.

**Мағынаны тану бөлімі**
**1-тапсырма**



Сынып оқушылары жұптық жұмыс жасайды. Сынып оқушыларына тапсырмалар жазылған парақша таратылады. Әр жұп жетістік критерийін жасап алады. Мұғалім зейін қоя қарау керек, бағыт беруге болады.

1. **Қарагөз бейнесі турасында**

• Автор Қарагөздің бейнесін сомдауда қандай көркемдік тәсілдерді пайдаланғандығын талқылаңыз.

2. **Мөржан әже бейнесі турасында**

• Пьесада Мөржан әжені қандай тәсілдер арқылы суреттей алған және оның бейнесінің әсері қандай?

3. **Нарша бейнесі турасында**

• Нарша бейнесінің сонылығы, жаңа сипаты жайында талқылаңыз.

4. **Сырым бейнесі турасында**

• Драмадағы Сырымның бейнесі кесірлі кер заманның қайғы-қасірет қазасынан туған ызалы, шабытты ақын екендігін драма тілі арқылы дәлелдеңіз.

**5. Трагедия турасында**

- Пьесаның тақырыбы мен идеясы туралы талқылаңыз.

**6. Кейіпкерлер турасында**

- Пьесадағы Ақбала образы туралы сіздің ойыңыз.

**7. Жазушы шеберлігі турасында**

- З. Қабдолов драма тілі туралы: «Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жеріне дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап, құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуі тиіс». Бұған сіздің қосарыңыз немесе құптар ойыңыз қандай?

**8. Жазушы шеберлігі турасында**

- Драманы әлем әдебиеттің қандай үлгілерімен салыстырар едіңіз.

**9. Драма турасында**

- Шығарманы қандай туындылармен салыстырар

<table>
<tr><td>5 минут<br><br>15 минут</td><td>едің (қазақ әдебиетіндегі)?<br><br>10. Драмадағы кейіпкерлері турасында<br>- Нарша достарының драмадағы өзіндік орны қандай болды деп ойлайсыз?<br><br>11. Драмадағы кейіпкерлері турасында<br>- Пьесаның сахналық қойылымы, яғни ондағы образ сомдаудағы актерлердің шеберлігін талқылаңыз.<br>Жұптардың жауаптарын тыңдау<br>Жұптық бағалау – «үш маңызды, бір дамытатын тұс».<br>2-тапсырма<br>Сынып оқушыларына жалпы тапсырма: http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/structure/1148-11_synyp сілтемесі бойынша М.Әуезовтың «Қарагөз» драмасынан үзінді тыңдатылады. Тыңдалым Мөржан әже мен Қарагөз арасындағы диалог үзіндісі (4-5 минут) Тыңдалымнан соң оқушылар өз пікірлерін дәлелдеу мақсатында оқушылар диалог мазмұнын және жазушы шеберлігін кесте бойынша толықтырады.<br>Мақсат: Диалог – адам психологиясын, мінезін, әрекетін ашуда қолданатын күшті құрал. Олай болса, тыңдалым арқылы драма тілін ұғындыру.<br><br><table><tr><td rowspan="4">М.Әуезовтың «Қарагөз» драмасынан үзінді тыңдатылады. Тыңдалым Мөржан әже мен Қарагөз арасындағы диалог үзіндісі, 4-5 минут</td><td>Диалог мазмұны</td><td>Жазушы шеберлігі</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table><br>Оқушы жауаптары тыңдалады. Шаршы топ алдында талқыға салынады.<br><br>3-тапсырма «Даналық бұрышы» тапсырмасы.<br>Шарты: «Даналық бұрышы» стратегиясы. Сыныптың қабырғаларына тапсырмалар ілінеді. Әр жұп «Даналық бұрышы» стратегиясы бойынша өздерінің таңдаған бұыштарына тоқталып, 3 болжам жауаптарын жазып дәлелдейді.</td><td>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/structure/1148-11_synyp</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 15 минут | <br>**«Даналық бұрышы» 1**<br>А бөлімі: Драма А бөлімінің берілген сұрақтарына үш болжам жауап жазыңыз, болжамыңыз мәтіннен алынған болуы керек.<br><br>М. Әуезов: Қарагөз<br>А**.** **«**Махаббат – ұлы сезім» Қарагөз бен Сырым махабаты турасында.<br><br>**«Даналық бұрышы» 2**<br>**Ә бөлімі: Драма**<br>А бөлімінің берілген сұрақтарына үш болжам жауап жазыңыз, болжамыңыз мәтіннен алынған болуы керек.<br>М. Әуезов: Қарагөз<br><br>Б. Сырым Мөржан әже ұғымында кім, Мөржан әже Сырым ұғымында кім? Талқылаңыз.<br><br>**«Даналық бұрышы» 3**<br>**Б бөлімі: Драма**<br>А бөлімінің берілген сұрақтарына үш болжам жауап жазыңыз, болжамыңыз мәтіннен алынған болу керек**.**<br><br>Наршаның Қарагөзге деген махаббаты туралы не айтпақсыз?<br><br>**«Даналық бұрышы» 4**<br>**В бөлімі: Драма**<br>А бөлімінің берілген сұрақтарына үш болжам жауап жазыңыз, болжамыңыз мәтіннен алынған болу керек.<br><br>М. Әуезов: Қарагөз<br>Драманың поэтикалық тілі туралы мұғалім оқушы | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 минут | жауаптарын зейін қоя тыңдап, соңында ойды қорытындылайды. | |
| **Кері байланыс**<br>**5 минут**<br><br>**Сабақтың соңы**<br>4-5 минут | <br>Сабақтан алған әсеріңізге қарай аралдың біреуіне стикерлер жапсыру.<br><br>**Үй тапсырмасы:** Мұхтар Шахановтың өмірі мен поэзиясына шығармашылықпен іздену жұмыстары.<br>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/category#p=1&pn=6&s=%D0%A8%D0%B0%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B<br>Берілген сайттан іздену сұрақтары:<br>1. М. Шаханов кім? Оның әдебиетке, мәдениетке қосқан үлесі туралы оқу.<br>2. М. Шахановтың «Ғашықтық ғаламат» өлеңін сайттан зейін қойып оқып келу. | **Сынып қабырғасындағы рефлексия бұрышына**<br><br>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/category#p=1&pn=6&s=%D0%A8%D0%B0%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2 |

**Қосымша ақпарат**

| **Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?** | **Пәнаралық байланыс**<br>**Қауіпсіздік ережелері**<br>**АКТ-мен байланыс**<br>**Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)** |
|---|---|---|
| Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы бұл | Жұптық бағалау – «үш маңызды, бір дамытатын | Әдебиет – тарих. Бұл жерде айтайын дегенім, сабақтың |

| | | |
|---|---|---|
| сыныпта ерекше, сондықтан тапсырма мазмұнын, сұрағын, шартын сынып оқушыларының қабілеттерін тең дәрежеде бағалауға бағыттадым. | тұс» арқылы бағалауға ерекше мән беріп отырмын. | алдыңғы бөлімдерінде жазушының шығармасы сол өз заманының айнасы екендігі жан-жақты айтылды. Оқушылар бұны үнемі қаперде ұстайды деген сенімдемін. Тәрбиелік қуаты - сөз астарына ой жүгіртуге, ұлттық ғұрыпқа, салт-дәстүрге негізделген. |
| | | |

**Жалпы баға:**

**Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты).**
1: Драма табиғатын меңгерудегі белсенді әрекеттер.
2: Оқушылар онлайн ресурстармен жұмыс жасағанды ұнатады.
**Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?**
1:
2: